

Қазақстан Республикасы сутоғандарында балық ресурстарын және өзге де су жануарларын пайдалануды толтырудың тәртібі туралы Нұсқау

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы министрлігі орман, балық және аң шаруашылығы комитеті 1999 жылғы 26 сәуірдегі N 84 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 17 мамырда тіркелді. Тіркеу N 757. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2003 жылғы 13 ақпандағы N 72 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының балық шаруашылығы сутоғандарында заңды және жеке тұлғалар үшін балық пен өзге су жануарлары ресурстарын пайдалану құқыларын толтыру процедурасын жүйелеу мақсатында, Бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасы сутоғандарында балық ресурстарын және өзге су жануарларын пайдаланудың тәртібі туралы Нұсқау бекітілсін.

2. Балық ресурстарын қорғау бөлімі (Қ.Б.Сүлейменов) қажетті материалдарды дайындап, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне "Қазақстан Республикасы сутоғандарында балық ресурстарын және өзге су жануарларын пайдалануды толтырудың тәртібі туралы Нұсқауды" тіркеу үшін ж і б е р с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау Төрағаның бірінші орынбасары М.С.Ахметовке жүктелсін.

Төраға

О р б а л а ң ш а р к о м
1 9 9 9 ж . 2 6 . 0 4
N 8 4 б ұ й р ы ғ ы м е н

бекітілді

**Қазақстан Республикасы сутоғандарында балық
ресурстарын және өзге де су жануарларын
пайдалануды толтырудың тәртібі туралы**

Нұсқау

1. Жалпы ережелер

1. Бұл нұсқау Қазақстан Республикасының "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1998 ж. 22 сәуірдегі N 382 "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман балық және аңшылық шаруашылықтары комитетін құру туралы" қаулысына сай жасалынды.

2. Нұсқау, балық шаруашылығын мемлекеттік басқарудың аумақтық арнайы уәкілетті органының қарауына жататын сутоғандарда балық ресурстарын пайдалануды заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер (табиғатты пайдаланушылар) үшін балық пен өзге де су жануарларын кәсіптік аулауды (олжалаудың) толтырудың тәртібін анықтайды.

3. Заңды және жеке тұлғалардың, сондай-ақ жеке кәсіпкер ретінде тіркелген азаматтардың балық пен өзге де су жануарларын кәсіптік аулауы (олжалау), жануарлар дүниесін мемлекеттік басқарудың арнайы уәкілетті органы - Орман, балық және аңшылық шаруашылықтары комитеті немесе оның балық қорларын қорғау, өсімін молайту мен балық аулауды реттеу бойынша аумақтық органдары арнайы рұқсат қағаз негіздерінде жүзеге асады.

4. Арнайы рұқсат қағаз бойынша балық пен өзге де су жануарларын кәсіптік аулау (олжалау) объектілері болып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1434 қаулысымен бекітілген балық аулаудың объектілері табылады, заңсыз аулау, олжалау немесе жойып жібергені үшін, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 15 қыркүйектегі N 889 қаулысымен бекітілген ставкалар көлемі бойынша, қолданып жүрген заңға сай, материалдық зиянның орны толтырылады.

5. Су жануарларын кәсіптік пайдалану - балық пен өзге де су жануарларын кәсіптік аулау, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 28 шілдедегі N 711 қаулысына сай, су жануарларын кәсіптік пайдаланудың төлем ставкаларына сай және рыноктың балық пен балық өнімдеріне деген өзгеріп отырар сұраныстарын есепке ала отырып, ақылы түрде болады.

2. Балық ресурстарын және өзге де су жануарларын пайдалануға келісім-шартты толтыру тәртібі

6. Орман, балық және аңшылық шаруашылықтары комитеті және оның балық қорларын қорғау, өсімін молайту мен балық аулауды реттеу бойынша аумақтық облыс аралық (бассейіндік және облыстық) органдары (әрі қарай аталды-арнайы уәкілетті орган) балық пен өзге де су жануарларын олжалаудың кәсіптік аулауына мәлімдемелер қабылдап, табиғатты пайдаланушыларға балық пен өзге де су жануарларын кәсіптік аулауға рұқсат беріп, келісім-шарттарға отырады.

7. Арнайы уәкілетті орган табиғатты пайдаланушылардан заңды және жеке тұлғалардан түскен балық пен өзге де су жануарларын олжалау үшін кәсіптік аулауға мәлімдемелерге талдау негізінде, облыстық атқарушы өкімет органына - нақты табиғатты пайдаланушыға немесе табиғатты пайдаланушылар тобына балықты кәсіптік аулау мен балық шаруашылығы сутоғанын (учаскені) бекітіп

беруге хұқы беру туралы ұсыныс дайындап ұсынады.

8. Облыстық атқарушы өкімет органы, бассейндік (облыстық) арнайы уәкілетті орган енгізген ұсыныс негізінде балық пен өзге де су жануарларына кәсіптік аулауға хұқы беру туралы шешім шығарады.

9. Арнайы уәкілетті орган қараған, табиғатты пайдаланушының балық пен өзге де су жануарларын олжалау үшін кәсіптік аулауға Мәлімдемесі, сонымен қатар облыстық атқарушы өкімет органының бұл табиғатты пайдаланушыға балықты кәсіптік аулауға және балық шаруашылығы сутоғанын немесе балық кәсіптік учаскені бекітіп беруге хұқы беру туралы қанағатты шешімі, арнайы уәкілетті орган мен табиғатты пайдаланушы арасында, келісім шарт жасасуға негіз болады.

10. Келісім-шарт жасасу және балық пен өзге де су жануарларын кәсіптік аулауға рұқсат алу үшін мәлімдеуші (табиғатты пайдаланушы) арнайы уәкілетті органға ұсынады:

1) балық пен өзге де су жануарларын кәсіптік аулауға мәлімдеме, төмендегілерді көрсетумен:

- заңды тұлғалар үшін - атауы және ұйымдық хұқылық түрі, заңды мекен-жайы, банкідегі есеп-шот нөмірі;

- жеке кәсіпкерлер үшін - фамилиясы, аты, әкесінің аты, төлқұжат көрсеткіштері (серия нөмір, қашан, қайдан берілді, тұрғылықты жері), көрсетілген іс-әрекеттер түрімен айналысуға хұқы берер, салық органында тіркелгені туралы мөрі бар құжат;

- балық пен өзге де су жануарларын кәсіптік аулау түрлері (өнеркәсіптік аулау, ғылыми-зерттеу мақсаты үшін соның ішінде ғылыми-кәсіптік аулау, балықсулық жұмыстар немесе ихтиофаунаның жыртқыштар мен өнімсіз түрлеріне мелиоративтік жұмыстар жүргізуге);

- келісім-шартты жасасу мерзімі;

- балық пен өзге де су жануарларын аулаудың мәлімденген көлемі, (данасы, кг. тонналар) кәсіптік объектілер мен олжаның түрлік құрамын көрсетумен;

- балық пен өзге де су жануарларын аулау (олжалау) құралдарының атауы, саны және көлемі;

2) Құрылтайлық құжаттар көшірмелері (олар нотариуста сенімденірілмесе, түпнұсқа көрсетіледі);

3) Кәсіпорынның тіркелгендігі туралы көшірмесі және облыстық атқарушы өкімет органының балықты кәсіптік аулауға хұқы беру және балық өнеркәсіптік сутоғанын (учаскені) бекіту туралы шешімінің көшірмесі;

4) Мәлімдеушіні, барлық меншік пен шаруашылық түріндегі кәсіпорындар мен ұйымдардың Бірегей мемлекеттік тізімінің (реестр) құрамына алынғаны туралы статистика бойынша Мемлекеттік (аймақтық, облыстық) орган берген

к у ә л і к

к ө ш і р м е с і ;

5) Есепке алынғандығы туралы және мемлекет алдында берешегі жоқтығы туралы салық органынан анықтама.

11. Ғылыми-зерттеу мақсаттары (ғылыми-кәсіптік аулау) үшін балық аулауға немесе балықсулық жұмыстарды жүзеге асыру үшін мәлімдеуші ойға алған іс-әрекетіне жататын балық шаруашылығы сутоғандары мен су жануарлары түрлерінің қосымша тізімін ұсынады. Сондай-ақ арнайы уәкілетті органмен бекітілген және келісілген, көзделген жұмыстардың ғылыми бағдарламасы мен биологиялық негізделуі ұсынылуы қажет. Балық аулау мен балық шикізаты ізденістер режимінің өзгерістері бойынша ғылыми бағдарламалар мен биологиялық негіздеулер республикалық арнайы уәкілетті органның ғылыми кәсіптік кеңесінде (ҒКК) қорытынды беріліп, қарастырылады.

12. Мәлімдеушіден осы Нұсқаудың 10-11 пунктарында қаралмаған құжаттарды талап етуге тыйым салынады. Келісім-шарт жасауға және рұқсат алуға қажетті құжаттар арнайы уәкілетті органда тізімге алынады.

Жеке кәсіпкер ретінде тіркелген заңды және жеке тұлғалардың балық пен өзге су жануарларын кәсіптік аулауға келісім-шарты маусымға, жылға немесе бірнеше жылға жасалуы мүмкін.

13. Балық пен өзге де су жануарларын кәсіптік аулауға келісім-шарт жасаудан және рұқсат беруден бас тарту туралы, мәлімдеушіге шешім қабылданған соң бас тарту себебі көрсетілген ескертпе 5 күн ішінде хат түрінде жіберіледі.

Келісім-шарт жасаудан бас тартуға негіз болып табылатындар:

- мәлімдеушінің ұсынған құжаттарында шынайы емес, немесе кереғар а қ п а р а т т а р д ы ң б о л у ы ;

- мәлімдеген іс-әрекеттің жүзеге асырылуы үшін қажетті жағдайлар және балық ресурстары мен өзге де су жануарларын ұтымды пайдаланудың жағдайларының сай келмеуін тапқан, арнайы уәкілетті органның немесе ҒКК-ның теріс қорытындысы;

- балық аулауға жылдық немесе нақты балық шаруашылығы сутоғанына квотаның азаюына байланысты.

3. Балық пен өзге де су жануарларын кәсіптік аулауға рұқсат

14. Арнайы уәкілетті орган берген рұқсат қағаз, бекітілген мерзім бойында балық пен өзге де су жануарларын алынуы мүмкін (рұқсат етілген) көлемін көрсетеді, кәсіпті бастауға негіз болады. Балық аулаудың рұқсат етілген көлемі (лимит) рұқсат қағазда бір жылға немесе маусымға көрсетіледі.

"Сутоғандар жануарлар дүниесін пайдаланушыға" бір жылға немесе маусымға бөлу, алдын-ала төлеу арқылы болмақ.

Арнайы уәкілетті органның қалауынша, лимит пайдаланушының

мүмкіндіктеріне қарай бөлікке бөлініп төленуі мүмкін, бұл жағдайда рұқсат тек лимиттің төленген бөлігіне ғана беріледі. Келесі төлемдердің түсуіне орай, рұқсат қалған бөлікке берілмек.

15. Берілген рұқсатты өзге заңды тұлғаға немесе жеке кәсіпкерге беруге тыйым салынады. Егерде, келісім-шарт бойынша рұқсат етілген іс әрекет түрін рұқсат қағаз иегері бірнеше жекелеген (сутоғандар, балық кәсіптік учаскелер, кемелер) суларда жүргізсе, осы объектілерде үнемі болуы тиіс рұқсат қағаздың расталған көшірмесі беріледі. Рұқсат қағаз көшірмесі арнайы уәкілетті органда тіркеледі.

16. Балықты кәсіптік аулаудың келісім-шарты жануарлар дүниесін пайдаланушы мен жануарлар дүниесін басқарудың арнайы уәкілетті органы арасында жасалады.

Келісім-шартта көзделеді:

- шаруашылық және өзге де іс-әрекетке рұқсат етілген экономикалық талаптар;

- бекітілген ставкаларға сай, балық пен балық өнімдеріне рынок сұранысының маусымдық (жылдық) өзгерістерін ескере отырып жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін (балықты кәсіптік аулау мен өзге де су жануарларын олжалау) төлемдер көлемі және төлеу мерзімі;

- сутоған (учаске) жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін сутоған жануарлар дүниесін пайдалану және сутоғанды (учаскені) бекіту туралы келісім-шартқа қол қойылған соң 5 күн мерзімде алдын-ала төлеу;

- балық пен өзге су жануарларын олжалауға хұқы беретін рұқсат қағазда көрсетілген бөлінген жылдық (маусымдық) лимит көлемін толық төлеу;

- бөлінген сутоғанды (учаскені) өзге ұйымдарға беруге тыйым салынуы және балық кәсіптік учаскеде бөгде адамдар мен көліктердің болуына рұқсат етілмеуі;

- қолданып жүрген Қазақстан Республикасында балық аулаушылық және өзге су жануарларын аулау Тәртібі мен олардың нормативтерінде көрсетілген табиғатты пайдаланушының барлық міндеттерін орындау;

- бекітілген сутоғанда (учаскеде) балық қорлары мен олардың өсімін молайту жағдайларын қорғау;

- арнайы уәкілетті орган өкілінің талабы бойынша қажетті мәліметті беру;

- "жануарлар дүниесін пайдаланушыға" берілген жеңілдіктер;

- келісім-шарт жайы мен талаптарын бұзғаны үшін екі жақтың міндеттері мен жауапкершіліктері;

- келісім-шарттың қолданыс мерзімі;

- келісім-шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қажетті құжаттар тізімі;

- Қазақстан Республикасы заңдарына қайшы келмес өзге де талаптар.

17. Жануарлар дүниесін басқарудың арнайы уәкілетті органы мен "жануарлар дүниесін пайдаланушының" арасындағы кәсіптік балық аулауға келісімі негізінде , арнайы уәкілетті орган жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат қағаз береді (балық пен өзге де су жануарларын кәсіптік аулауға).

Заңды тұлғаның жойылғаны кезінде немесе жеке тұлғаның балықты кәсіптік аулауға жеке кәсіпкер ретінде арнайы уәкілетті орган берген рұқсат қағаз бойынша мемлекеттік тіркелуі туралы куәліктің әрекет мерзімі біткен уақытта
з а ң д ы л ы қ к ү ш і н ж о я д ы .

Заңды тұлғаның қайта құрылуы немесе атының өзгеруі, жеке кәсіпкердің төлқұжат мәліметтері өзгергенде, рұқсат қағаз жоғалғанда немесе іс-әрекет түрі ауысқанда, рұқсат қағаз иесі 5 күн мерзім ішінде келісім-шарт пен рұқсат қағазды қайта толтыру туралы өтініш беруі керек. Рұқсат қағазды қайта толтыру, оны алудың бекітілген тәртібіне сай болады.

18. Рұқсат қағаз бланклары қатаң есептегі құжат болып табылады, есептік сериясы мен нөмірі бар, және басшының қолы мен жануарлар дүниесін басқарудың арнайы уәкілетті органы мөрімен расталады.

19. Арнайы уәкілетті орган өздері берген рұқсаттың әрекетін төменгі жағдайларда тоқтата алады немесе жоя алады:

- рұқсат алу үшін берілген құжаттарда мәліметтердің шынайы болмауы а н ы қ т а л с а ;

- жануарлар дүниесін пайдаланудың келісім-шарттық талаптарын рұқсат иесі б ұ з ғ а н д а ;

- рұқсат иелерінің мемлекеттік орган предписаниялары мен өкімдерін орындамаса немесе заңды тұлғаның сондай-ақ жеке кәсіпкердің іс-әрекетін Қазақстан Республикасы заңына сай тоқтатса;

- заңды тұлға жойылса немесе жеке кәсіпкердің мемлекеттік тізілуі туралы куәлігі ә р е к е т і н т о қ т а т с а ;

- егер рұқсат қағаз аймақтық (облыстық) арнайы уәкілетті органда тіркелмесе.

20. Уәкілетті орган рұқсат қағаз әрекетін тоқтатқанда немесе оны жойғаны туралы шешім қабылдағанда 5 күн мерзім ішінде, рұқсат қағаз иесіне және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық қызметіне бұл жайында х а б а р л а й д ы .

Рұқсат қағаз іс-әрекетін тоқтатуға алып келген жағдайлар өзгерген кезде, рұқсат қағаз әрекеттері әрі қарай қайта қолданысқа түседі.

Рұқсат қағаз қайта қолданысқа түскен болып, арнайы уәкілетті орган шешімі қабылданғаннан соң есептеледі, бұл жайында табиғатты пайдаланушыға 5 күн мерзім і ш і н д е х а б а р л а н д ы р ы л а д ы .

21. Балықты және өзге де су жануарларын кәсіптік аулауда заңды тұлғалар,

сондай-ақ жеке кәсіпкерде рұқсаттың болуын, кәсіпті жүргізудегі талаптардың орындалуын және рұқсат етілген балық түрлерін аулауды қадағалауды Орман, балық және аңшылық шаруашылықтары комитеті мен оның аумақтық арнайы уәкілетті органдары жүзеге асырады.

Қадағалау табиғатты пайдаланушының іс-әрекетін тексеру жолымен жүзеге асырылады.

Тексерулердің жиілігі мен мерзімдерін, бекітілген тәртіппен рұқсат қағазды берген арнайы уәкілетті орган анықтайды.

22. Бекітілген лимиттан артық балықты аулағаны (олжалау) үшін, әрбір бас үшін (ең төменгі есептік көрсеткіш) материалдық зиянның орнын толтыру ставкалары мөлшері бойынша бекітілген тәртіпте төлем төлейді.

23. Уәкілетті орган берілген, тіркелген, тоқтатылған және жойылған рұқсаттар реестрін жүргізеді.

24. Арнайы уәкілетті орган басшылары мен лауазым иелері, Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен балық пен өзге де су жануарларын кәсіптік аулаудың тәртібі бұзылғандығы немесе қажетті деңгейде орындамағандары үшін қолданылып жүрген заңдарға сай жауапқа тартылады.

25. Арнайы уәкілетті органның балық пен өзге де су жануарларын кәсіптік аулауды реттеу бойынша мәселелері жөніндегі шешімдер мен іс-әрекеттеріне шағым беру, бекітілген тәртіп бойынша сот органдарында қаралуы мүмкін.

26. Арнайы бланкалар түрлері - балық пен өзге де су жануарларын кәсіптік аулауға мәлімдемелер, сутоғандар жануарлар дүниесін пайдалану туралы және сутоғанды (учаскені) бекітіп беру келісім-шарты, балықшаруашылығы сутоғанының (учаскенің) төлқұжаты, балық пен өзге де су жануарларын кәсіптік аулауға рұқсат қағаз және балықшылар бригадасының (звеноның) кәсіптік журналы қатаң есептегі құжаттар болып табылады және Орбалаңшарком Төрағасының бұйрығымен бекітіледі.